



ҰЛЫЛАР ЕЛІНІҢ ҮНПАРАҒЫ

SEMEYtanu

№ 15 (19767) 24 ақпан, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANU.KZ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос каждого из нас!

Өңірлік Форум

"ҚАЛАДАН - АУЫЛҒА": ЖАҢА ЖОБА, ЖАҢА ҮМІТ



Ай-Керім ЖАҚЫП, «Semei tanu»

Форумға облыс әкімі Берік Уәли, Премьер-министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов, «АМАНАТ» партиясының хатшысы Эльдар Жұмағазиев, Қаржы вице-министрі Абзал Бейсенбекұлы, Парламент Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильянов, Парламент Сенатының депутаты Қайрат Тастекеев, Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал шаруашылығы департаменті директорының орынбасары Қайрат Көшенов қатысты. Сондай-ақ барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, қала және аудан әкімдері, ауылдық округтер мен кенттердің әкімдері, басқарма басшылары, ірі шаруа қожалықтарының жетекшілері, Шығыс Қазақстан мен Павлодар облыстарының өкілдері жиналды. 500-ден астам адам қатысқан жиында ауылдық аумақтарды дамытудың жаңа бағыттары мен нақты тетіктері талқыланды.

Форумның ашылуында сөз алған облыс әкімі Берік Уәли Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған саяси реформалардың маңызын атап өтті. Аймақ басшысы жаңа Конституция әлемдік үздік тәжірибелерге негізделіп, ұлттық мүдде мен адам құқықтарын қорғауға бағытталған сапалы құжат екенін айтты.

Бүгінгі басқосуымыз ауыл шаруашылығының немесе жергілікті басқарудың мәселесін ғана талқылайтын алаң емес, сонымен қатар еліміздің даму бағытын, мемлекет пен халық арасындағы өзара жауапкершілікті айқындайтын үлкен форум. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, жаңа Конституцияға қатысты пікір алмасу бір күндік немесе бір айдың шаруасы болған жоқ. Жарты жылдан астам уақыт бойы қоғамда жан-жақты талқылау жүрді. 130 адамнан тұратын Конституциялық комиссия құрылып, оның құрамына еліміздің білікті заңгерлері, сарапшылары, қоғам өкілдері енді. Ең бастысы, бұл жолы шешімді өзіміз қабылдадық, комиссия құрамында шешетін мамандары болған жоқ. Президент өз сөзінде азаматтарға бытыр қазан айынан бастап өз ұсыныстарын ашық айтуға толық мүмкіндік берілгенін айтты. eGov және eOtinish платформалары арқылы мыңдаған ұсыныс түсіп, олардың барлығы мұқият қаралған. Комиссия жұмысы барына ашық жүргізіліп, талқылаулар тікелей эфирде көрсетілді. Бұған дейін елімізде реформалар дәл осындай кең ауқымда, бүкіл халықтың қатысуымен талқыланбаған болатын. Бұл, шын мәнінде, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының нақты көрінісі. Сондықтан да біз жаңа Конституцияны нағыз халықтық Конституция деп толық айта аламыз. Осы Ата Заңда бекітілген қағидаттарды ауылда нақты іске қалай айналдырамыз? Мемлекет адам үшін болса, онда ауылдағы әрбір тұрғынның тұрмысы, әрбір шаруа қожалығының дамуы біздің басты өлшемді болуы тиіс, – деді Берік Уәли.

Алқалы жиында Берік Уәли «Қаладан – ауылға» атты пилоттық жобаның іске қосылғанын жариялап, бұл бастаманың қаладан ауылға қоныс аударатын отбасылар есебін елді мекендердегі халық санын арттыруға, ауылдық жерлердің тыныс-тіршілігін жаңғыртуға, қаржы әлеуетін күшейтуге және жаңа серпін беруге бағытталғанын айтты.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы мен ауыл өкімдерінің қызметіне арналған диалог платформасында: «Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры – ауылда», – деп ауылдың жағдайы ел үшін стратегиялық маңызға ие екенін ерекше атап өтті. Жоба аясында ауыл тұрғындарын тұрақтандыру және қаладан ауылға қоныс аударушыларды тарту арқылы демографиялық тепе-теңдікті сақтау, ауылдық елді мекендердегі кадр тапшылығын азайту, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын жаңа мазмұнда тиімді іске асыру көзделеді, – деді аймақ басшысы.

Мемлекеттің қолдауымен ауыл тұрғындарының ел-ауқатын арттыру мақсатында бірқатар бағдарламалар жүргізіліп жатыр. Өткен жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында Абай облысы бойынша 1 млрд теңге бөлінген. Қазіргі таңда өңірдің 10 ауданында қайта өңдеу саласына басымдық бере отырып, 28 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативін қаржыландыру жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар «Агроөнеркәсіп кешенінде ірі инвестициялық жобаларды іске асыру» жол картасы аясында жалпы құны 23,1 млрд теңгені құрайтын 9 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Нәтижесінде агроөнеркәсіп кешеніне тартылатын инвестиция көлемі 78,2 млрд теңгеге дейін ұлғайтылған.

Мемлекет басшысының экспорттық әлеуетті арттыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес,

Ауыл – төл өркениетіміздің алтын қазығы. Алайда соңғы жылдары ауылдардағы көші-қон үдерісі алаңдатарлық сипат алып отыр. Кей өңірлерде елді мекендердің таратылуы – шынайы қауіптің белгісі. Абай облысында ғана соңғы бір жылда ауыл тұрғындарының саны 9 886 адамға кеміген. Осы үрдіске тосқауыл қойып, ауылдың тіршілігін жандандыру мақсатында облыста бірқатар нақты қадамдар қолға алынуда. Соның бірі – «Қаладан – ауылға» пилоттық жобасы. Қанатқақты жоба 20 ақпан күні Семей қаласында өткен өңірлік форумда таныстырылып, ауылды дамытудың жаңа мүмкіндіктерін айқындайтын бастама ретінде ұсынылды.



Жаңасемей ауданында «Eurasia Agro Semeу» ЖШС базасында құны 7,7 млрд теңге болатын, жылына 11,4 мың тонна өнім шығаратын ет комбинаты салынууда. Жоба аясында өндірістік бордақылау алаңдарының қуаты арттырылып, толық өндірістік циклді қамтитын ет кластерін қалыптастыру көзделген. Бұл өңірдің ет өнімдерін өңдеу және экспорттау мүмкіндігін кеңейтеді.

Бұдан бөлек, облыста қой шаруашылығын дамытуға арналған 2026–2030 жылдарға арналған салалық бағдарлама әзірленуде. Қаржыландыру биыл іске қосылатын «Игілік» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылмақ. Жоба аясында 300 мың бас асыл тұқымды ұсақ мал сатып алу жоспарланып отыр. Бағдарламаға республикалық бюджеттен 50 млрд теңге бөлу мәселесі пысықталуда. Нәтижесінде алдағы бес жылда қой саны 1,2 млн бастан 2,3 млн басқа дейін ұлғаяды деп күтілуде.

Бұл бастамалар ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеріп, тұрақты жұмыс орындарын ашуға және ауыл халқын тұрақтандыруға серпін бермек.

Бұл өз кезегінде ауылдың халқын тұрақтандырып, жұмыс көздерін ашып, ауылдан көшу үрдісін тоқтатуға септігін тигізеді. Аталған бағытта «Қаладан – ауылға» атты өңіраралық жобаны іске асыруды жоспарлап отырмыз. Бүгінгі форум аясында өзара тәжірибе алмасып, озық практикаларды талқылап, тиімді шешімдер ұсынаатынымызға сенім білдіреміз. Біздің ортақ мақсат – ауылдың әлеуетін арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту. Ауылды дамыту – ортақ жауапкершілік пен жүйелі жұмысты талап ететін стратегиялық міндет. Біз бірлесе әрекет етіп, ауылдың әлеуетін арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жаңа деңгейге көтереміз деп сенемін, – деді облыс әкімі.

Форумның пленарлық отырысында Премьер-министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов, «АМАНАТ» партиясының хатшысы Эльдар Жұмағазиев, Қаржы вице-министрі Абзал Бейсенбекұлы, Парламент Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильянов, Парламент Сенатының депутаты Қайрат Тастекеев, Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал шаруашылығы департаменті директорының орынбасары Қайрат Көшенов, «Семей» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының төрағасы Мұхтар Әлімханұлы сөз сөй-

леп, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. «Қаладан – ауылға» пилоттық жобасын облыс әкімінің орынбасары Думан Оспанов таныстырды. 2026–2028 жылдары жүзеге асырылатын жаңа жоба мемлекеттік, салалық және өңірлік деңгейдегі бағдарламалар арқылы ауылға қоныс аударушыларды баспамен қамтуды, кәсіп ашуға қолдау көрсетуді, мал алуға жәрдемдесуді көздейді. Облыс әкімінің орынбасары аталған пилоттық жобаны іске асыру тетіктері, мемлекеттік қолдау шаралары және ауылдық аумақтарды дамыту перспективалары туралы жан-жақты баяндады.

Думан Оспановтың айтуынша, «Қаладан – ауылға» пилоттық жобасы халықтың қалаға жаппай көшу үдерісін азайтып қана қоймай, ауыл инфрақұрылымын нығайтуға, жаңа жобаларды (соның ішінде бизнес бағытындағы) жүзеге асыруға және ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Жоба аясында ауылға қоныс аударған азаматтарға барынша қолдау көрсетілмек.

Мақсатымыз – ауыл тұрғындарының санын арттыру. Соның бір шешімі – ауылдарға көшіп келетін отбасыларды баспаналы болуларына қолдау көрсету. Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары арқылы сатып алынатын үйдің бастапқы жарнасы ретінде тұрғын үй сертификаты беріледі. Яғни бастапқы жарна 90 пайызын облыс әкімдігі өтейді. Ол үшін бастапқы жарна 1,5 млн теңгеден аспауы тиіс, – деді Думан Оспанов.

Сонымен бірге облыс әкімінің орынбасары «Отбасы банк» арқылы өңірде «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы жүзеге асырылатынын айтып, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы бағдарламаларды таныстырды.

Жобаны таныстыру барысында облыс әкімінің орынбасары Еңбек мобильділігі орталығы арқылы «Жастар тәжірибесі» және «Күміс жас» бағдарламалары жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Әлеуметтік жұмыс орындарында еңбек ететін азаматтардың жалақысы субсидияланады. Бұл бағдарламаларды ауылдық жерлерде тиімді жүзеге асырудың маңызы зор.

Жас мамандарға арналған «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы, басқа өңірлерден облысымыздың ауылдарына көшіп келушілерге «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру» бағдарламалары ая-

сында қаржылай қолдау көрсетіледі. Облыс әкімінің білім гранттары арқылы ауылға қажетті мамандар даярлау жағы да қарастырылған. Кәсіпкерлікті дамыту үшін жаңа бизнес-идеяларға, «Бір ауыл – бір өнім» жобасы арқылы жергілікті өндірісті дамытуға гранттар беріледі. Әлеуметтік осал топтар мен еңбекке қабілетті қоныс аударушылар арасында гранттық конкурс ұйымдастыру арқылы бизнес-идеяларға қолдау көрсетіледі. Бұл – ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік бастамаларын дамытуға берілетін нақты мүмкіндік.

Ауыл тұрғындары үшін «Ауыл аманаты» бағдарламасы үлкен қолдау болып отыр. Соңғы 3 жылда 365 жобаның жүзеге асырылып, 210 жеке кәсіпкер тіркеліп, 280 жаңа жұмыс орнының ашылуы бағдарламаның жемісті жүзеге асып жатқандығын байқатады. Ерекше атап өтерлігі, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында облыста алғаш рет «Сауынды сиыр» атты жоба жүзеге асырылады. Бұл жерде тек сүтті сиыр сатып алуға басымдық беріледі. Сонымен бірге «Іскер аймақ» бағдарламалары және биыл басталатын «Игілік» жобасы маңызды рөл атқарады. Жөңілдетілген несие 6 пайызбен 7–10 жыл мерзімге беріліп, мал шаруашылығын дамытуға басымдық жасалады.

Сондай-ақ, бюджет қаражатынан бөлек, ірі және орта шаруа қожалықтарының атсалысуымен «Тауарлы несие» жобасы шеңберінде «100 қой» жобасы қолға алынады. Жобаға қатысып, халыққа қол ұшын берген фермерлерге жергілікті билік тарапынан жөңілдетілген несие беру, техникаға қысқа уақытта қол жеткізуге қолдау көрсету жағы қарастырылады.

Жалпы, өңірде мал шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Моңғолия елімен мал шаруашылығы саласы бойынша ынтымақтастық орнату, қой шаруашылығы бойынша озық агротехнологиясын зерттеу және Австралияға іссапар ұйымдастыру да облыс басшылығының жоспарында тұрғандығы жайында айтылды. Делегация құрамында облысымыздың қой шаруашылығымен айналысатын іргелі қожалық басшылары болады.

Форум аясында өңірлердегі ауылдық аумақтарды дамыту, әлеуметтік-экономикалық өсімді қамтамасыз ету және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру мәселелері кенінен талқыланды. Аталған бағыттар бойынша «Eurasia Agro Semeу» ЖШС құрылтайшысы Ерлан Мұқашев, Абай ауданының әкімі Мейірман Смағұлов, Ұржар ауданының әкімі Ақылбек Башимбаев, Көкпекті ауданы Шұғылбай ауылдық округінің әкімі Нұрлан Назарханов, Жаңасемей ауданы Алғабас ауылдық округінің әкімі Төлеген Құсайынов және Бордұлхана ауданы Андреевка ауылдық округінің әкімі Гүлмира Ильяшева баяндама жасап, ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестиция тарту, инфрақұрылымды жетілдіру және өкімдердің өкілеттіктерін кеңейту бағытындағы ойларды қорытындылаған облыс әкімі Берік Уәли «Нарын» өндірістік кооперативінің төрағасы Олжас Шаймарданов өз тәжірибелерін бөлісті.

«Қаладан – ауылға» жобасы аясында ауданға ағраном, механизатор, малшы, мал дөрігерлері мамандарын тартуды жоспарлап отырмыз. Бағдарлама арқылы Бестерек ауылдық округіндегі Қазымбет ауылына, Баркытбел ауылдық округіндегі Батпақты және Благодатное ауылдарына, Салқынбел ауылдық округіндегі Тасбұлақ және Қарабұйрат ауылдарына қоныс аударып келген отбасыларға тұрғын үйлер, ауыл шаруашылық жерлері және шаруа қожалық басшыларының қолдауымен тауарлы несие түрінде мал беріледі. Аудандағы шаруа қожалық басшылары 200 бас ірі қара, 500 бас мүйізді ұсақ мал беруге дайын, деді Ұржар ауданының әкімі Ақылбек Башимбаев. Форумды қорытындылаған облыс әкімі Берік Уәли жиында айтылған ұсыныстар мен бастамалардың өңір дамуының жаңа кезеңіне бастайтын қадамдар екенін атап өтті.

Абай облысы – тарихи тамыры терең, әлеуеті зор өңір. Біздің басты міндетіміз – ауылдық аумақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, халықтың тұрмыс сапасын арттыру және ауылды экономикалық өсіміне тірегіне айналдыру. Ауылдарда жол, жарық, интернет желісі – инфрақұрылым жаңартылып жатыр. Мектеп, денсаулық сақтау мекемесі, мәдениет үйлері мен спорт нысандары салынып жатыр. Бірақ егер ауылда халық болмаса, мұның бәрі не үшін қажет? Мен әкім болып тұрғанда ауылдар жабылмайды. Ауыл жабылмаса үш, өкімдер мемлекет, облыс әкімі тарапынан берілген мүмкіндіктерді пайдалануы керек. Нәтиже әр ауылдық округ әкімінің нақты жұмысына, бастамашылдығына және жауапкершілігіне тікелей байланысты. Абай облысының әрбір ауылы дамуында, тұрақтылығын және жаңа мүмкіндіктердің орталығына айналуы тиіс, – деді аймақ басшысы.

Айта кетсек, форум алдында облыс әкімі ауыл шаруашылық өнімдерінің көрмесін тамашалады. Көрмеде ұлттық тағамдар мен табиғи өнімдер көпшілік назарына ұсынылды.



АЙМАҚ

КУРЧАТОВА 22 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Өткен сенбіде облыс әкімі Берік Уәли Курчатова қаласына жұмыс сапарымен барды. Іссапар барысында аймақ басшысы қаладағы әлеуметтік маңызы бар нысандарды аралады. Аймақ басшысы алдымен пәтер кілттерін табыстау рәсіміне қатысты.

ЖАҢА ПӘТЕРЛЕРДІҢ КІЛТІН ТАБЫСТАУ РӘСІМІ

Курчатова қаласы
2026 жыл



Былтыр жеке инвестор есебінен шаһардағы Школьная көшесінде орналасқан 36 пәтерлі төрт қабатты тұрғын үй қалпына келтірілген болатын. Тұрғын үйде 8 бір бөлмелі, 16 екі бөлмелі және 12 үш бөлмелі пәтер бар. Халықтың әлеуметтік осал топтарға санатындағы кезекте тұрған азаматтарға арналған бұл пәтерлер толық сатып алынып, «Отбасы банк» АҚ-ға берілген.

Облыс әкімі жаңа қоныс иелерін көптен күткен қуаныштарымен құттықтады. Құттықтау сөзінде Берік Уәлиұлы алда еліміз үшін тарихи таңдау - Конституциялық референдум тұрғанын, бұл мемлекеттілігімізді нығайту мен демократиялық құндылықтарды орнықтыру жолындағы жауапты қадам екенін атап өтті.

Бүгін ел үшін елеулі, халық үшін қуанышты сәтке жиналып отырмыз. Бүгін 22 отбасы қоныс тобын тойлайды. Алдағы айларда тағы 14 пәтер кезекте тұрған азаматтарға берілетін болады. Яғни 36 отбасы баспанға қол жеткізеді. Бұл баспаналар әлеуметтік осал топтағы азаматтарға, жетім балаларға беріліп отыр. Бұл - жай ғана баспана емес, жаңа өмірдің, ертеңгі күнге деген үміт пен сенімнің бастауы. Бұл - мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік жауапкершілігінің нақты көрінісі. Алдағы уақытта қаладағы осындай көп қабатты үш үй қайта жаңғыртылып, халықтың игілігіне берілетін болады, - деді Берік Уәли.

Баспанана ел болған тұрғындар да ризашылықтарын жеткізді.

- Бүгін біз үшін ерекше күн. Жылдар

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ПОШТА ҚЫЗМЕТІНЕ КӨҢІЛІЗ ТОЛА МА?

Облыс әкімі Берік Уәли «Қазпошта» АҚ Абай облыстық филиалының директоры Нұрдаулет Лесбаевпен кездесті. Кездесу барысында өңірдегі пошта-логистикалық, қаржылық және агенттік қызметтердің дамуы, халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және филиал инфрақұрылымын жаңғырту мәселелері талқыланды.

Қазіргі таңда «Қазпошта» АҚ-ның облыстық филиалы өңір тұрғындарына пошта, логистика, қаржы және мемлекеттік қызметтердің кең спектрін ұсынып келеді. Облыс аумағында 83 пошта бөлімшесі жұмыс істейді. Оның ішінде Семей қаласында 8 бөлімше мен 7 аудандық пошта байланыс торабы бар. Ауылдық елді мекендерде орналасқан 75 пошта бөлімшесі 14 мыңнан астам ауыл тұрғынына қызмет көрсетеді.

Филиалда бүгінгі таңда 546 қызметкер еңбек етеді. Алдағы уақытта Семей қаласындағы пошта бөлімшелерінің санын арттыру жоспарланып отыр.

Кездесуде филиалдың бірқатар өзекті мәселелері де көтерілді. Атап айтқанда, автопарктың 50 пайыздан астамы тозған, бірқатар

ӨЗЕКТІ

ҚАУІПТІ АУМАҚТАР ТЕКсерілді



Қазіргі таңда өңір үшін өзекті мәселелердің бірі - көктемгі су тасқынының алдын алу. Осыған орай облыс әкімі Берік Уәлидің тапсырмасымен су тасқыны қаупі бар учаскелер мен гидротехникалық құрылыстарға әуеден тексеру жүргізілді.

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Setei tau»

Облыс әкімінің орынбасары Серік Төленбергенов жетекшілік ететін жұмыс тобы - Төтенше жағдайлар департаментінің, Ертіс бассейндік су инспекциясы және «Қазгидромет» өкілдері Ертіс пен Үбі өзендері арналарының және су шаруашылығы нысандарының техникалық жай-күйін, қар қорының көлемін бағалады.

Жұмыс тобының қорытындысы бойынша, өңірдегі гидрологиялық ахуал тұрақты. Шүлбі су электр станциясы штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

Су тасқыны кезеңін қауіпсіз өткізу және тартылған барлық қызметтердің өзара іс-қимылын тиімді үйлестіру мақсатында қосымша алдын алу шаралары айқындалды.

Айта кетсек, Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, өңірде су басу ықтималдығы бар аумақта 64 елді мекен орналасқан, онда 42 мыңнан астам адам тұрады. Қазіргі уақытта 22 елді мекенде қауіп деңгейі едәуір төмендетілген. «Қазгидромет» болжамына сәйкес, биылғы көктемде Ақсуат, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма және Көкпекті аудандары жоғары тәуекел аймағында қалып отыр.

Көктемгі су тасқыны кезеңіне күштер мен құралдардың толық дайын болуын қамтамасыз ету мақсатында облыста эвакуациялық пункттер әзірленіп, қар шығару жұмыстары күшейтілуде. Сонымен қатар инерттік материалдар, жанар-жағармай, азық-түлік және дәрі-дәрмек қоры жинақталуда. Сондай-ақ өзендердегі муз жару жұмыстарының жоспарын әзірлеу, су өткізу құрылыстарын тазалау, уақытша автокөлік көпірлерінің дайындығын тексеру, жолдардағы су басу қаупін азайту шаралары қабылданды.

налған ғимарат қалпына келтіріліп, екі көп пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталды. Қаладағы №2 орта мектеп толық жаңғыртылды. Сонымен қатар «Дегелең» станциясында темір жол перроны жаңартылып жатыр. Жаңа вокзал ғимаратының құрылысы да қарқынды жүргізілуде.

Пәтер кілттерін тапсыруға арналған салтанатты жиыннан соң аймақ басшысы Берік Уәли Курчатова қаласындағы №2 жалпы білім беретін мектептің тыныс-тіршілігімен танысты.

1967 жылы салынған білім ордасы 412 оқушыға арналған, даярлық сыныпты қоса алғанда, мұнда қазір 561 оқушы білім алуда. Мектепте 51 мұғалім еңбек етеді. Былтыр нысанда пайдалануға берілген уақыттан бері алғаш рет ауқымды жаңғырту жұмысы жүргізілді. Облыстық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен ғимарат жөндеуден өткізіліп, оқу кабинеттері жаңартылды.

Сонымен қатар «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры тарапынан 243,1 млн теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетіліп, білім ұясының материалдық-техникалық базасы толық жаңарды. Жоба шеңберінде 34 оқу кабинеті мен білім беру кеңістігі заманауи талаптарға сай жабдықталды. Бейнестудия, арт-студия, STEAM кабинеті, Intellectum оқу жиынтығы, лингвфондық-мультимедиялық кабинет, жаңартылған музыка сыныбы іске қосылды. Бұдан бөлек, химия, биология, физика, информатика кабинеттері мен кітапхана, спорт залына жаңа құрал-жабдықтар алынды. Жүргізілген жұмыстар білім беру сапасын арттырып, оқушылардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық кабинеттерін дамытуға кең мүмкіндік беріп отыр.

Облыс әкімі жаңартылған мектептің оқу кабинеттерін, кітапханасын аралап, мұғалімдермен, оқушылармен пікірлесіп.

Мектепте барлық жағдай жасалған. Кең, жарық, заманауи талаптарға сай толық жөндеуден өтті. Облыстағы барлық мектептердің осындай болғанын қалаймыз. Сондықтан өңірдегі мектептерді біртіндеп жөндеп, жаңа мектептер салып жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жалғасатын болады, - деді аймақ басшысы.

Мектеп мұғалімдері, өз кезегінде, жаңартылған білім ордасы жұмыстарына жаңаша серпін бергенін айтып, ризашылықтарын жеткізді.

Мектебіміздің барлық кабинеттері жаңа құралдармен жабдықталып, интерактивті тақталар орнатылды. Бұл - жасанды интеллект дәуірінде оқушыларға заман талабына сай, сапалы білім беруге зор мүмкіндік. Балаларды сабаққа қызықтыру үшін қазір бұл құралдарды барынша пайдаланып жатырмыз. Алда елімізді үлкен, маңызды оқиға күтіп тұр. Наурыз айында Конституциялық референдум өтеді. Жаңа заңның жобасымен таныстық. Білім саласына қатысты тұстары назарымызды ерекше аударды. Референдумға барып, азаматтық ұстанымымызды таныту - міндетіміз, - деді қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Мөлдір Әділханова.

Былтыр облыстағы 12 мектепке күрделі жөндеу жүргізуге 2,9 млрд теңге бағытталды. Оның ішінде 9 мектеп толық реновациядан өтіп, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар облыстың 75 мектебіне 131 оқу кабинеті, оның ішінде 89 жаңа модификациядағы кабинеттер сатып алынды. Сондай-ақ ауылдағы қосымша білім беру жүйесін дамыту мақсатында «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен 36 мектеп 58 кабинетпен және 4 бала-лр шығармашылық орталығы 500 миллион теңгеге техникалық-ғылыми, STEM бағытындағы жаңа модификациялық кабинеттермен жабдықталды.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

РЕФЕРЕНДУМ

Абай облысында «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» өңірлік коалициясы аясында колледж директорларымен кездесу өтті. Жиында облыстық мәслихат төрағасы, коалиция жетекшісі Шалқар Байбеков жүргізді. Басқосуға өңірлік коалиция мүшелері қатысты. Кездесу барысында Жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары мен алдағы республикалық референдумның маңызы кеңінен талқыланды.

КОЛЛЕДЖ ДИРЕКТОРЛАРЫ КЕЗДЕСТІ



Шалқар Байбеков бұл кезеңді ел тарихындағы жауапты белес ретінде атап өтті.

- Алда - республикалық референдум. Бұл - ел тағдыры үшін маңызды сәт. Комиссия жұмысы барысында Конституция мәтінінің 84 пайызына өзгеріс енгізу қажеттігі анықталды. Құжат жарты жыл бойы ашық талқылаудан өтті. Он мыңға жуық ұсыныс қаралды, әрбір пікір назарға алынды, - деді төраға.

Шалқар Байбеков жаңа редакцияда мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған өзгерістер қарастырылғанын атап өтті. Сонымен қатар ұстаздардың қоғамдағы рөліне арнайы тоқталды.

- Ұстаздар - тек білім беруші емес, қоғамдық пікір қалыптастырушы күш. Қоғамдағы өзгерісті терең түсініп, оны сауатты жеткізе алатын - білім саласының өкілдері. Сондықтан бұл кезеңде сіздердің жауапкершіліктеріңіз айрықша, - деді коалиция жетекшісі.

Жиында коалиция мүшелері сөз сөйледі. Облыстық мәслихат депутаты Шағанғұл Жанаева Конституция жобасының қазақ тілінде әзірленуіне назар аударды. Оның айтуынша, мемлекеттік тілдегі мәтін мазмұндық тұрғыдан жүйеленген, терминологиялық нақтылық сақталған.

Ал Әліхан Бөкейхан университетінің проректоры Айрат Базенов жобаның преамбуласына тоқталып, онда әділеттілік, заң үстемдігі, ұлттық бірлік, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік, адам капиталы, білім мен ғылымды дамыту сияқты стратегиялық құндылықтар айқындалғанын айтты. Сондай-ақ зайырлы мемлекет қағидатының сақталғанын және тіл мәселесінің нақты бекітілгенін атап өтті. Айрат Базеновтің пікірінше, жаңа даму кезеңінде білім, ғылым және инновация елдің басты басымдығына айналуда тиіс.

Коалиция мүшесі Алмас Атамұшақ жаңа Ата Заң жобасын тарихи шешім ретінде бағалап, құжатта адам капиталға басымдық берілгенін атап өтті. Ғылым, білім, мәдениет пен инновацияның негізгі құндылықтар ретінде бекітілуі шикізаттық модельден жасалмаз экономикаға көшуге бағытталған жүйелі қадам екенін жеткізді.

Абай облысы бойынша бала құқықтары жөніндегі уәкіл Эльзира Солтабаева жобадан адамның қадір-қасиетін қорғау, жеке өмірге қол сұқпаушылық, цифрлық деректер қауіпсіздігі, сөз бостандығы, зайырлы білім беру ортасын сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағыттарының күшейтілгенін атап өтті. Сондай-ақ жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, бұлжын зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділік қалыптастыру білім беру ұйымдарының маңызды міндеті екенін айтты.

Кездесуде көлік колледжінің директоры Қаныш Төлеуов те өз пікірін білдірді.

- Жаңа Конституция жобасында, мемлекеттік басқаруды жетілдірумен қатар, адам капиталына, білім мен ғылымға басымдық берілгенін айқын көрінеді. Бұл еліміздің ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес келеді. Білім беру ұйымдары ретінде қоғамға шынайы әрі түсінікті ақпарат жеткізуге дайынбыз. Референдум - әр азаматтың жауапкершілігін айқындайтын тарихи сәт, - деді Қаныш Төлеуов.

Р.Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжінің директоры Лариса Оралбаева да өз азаматтық ұстанымын жеткізді.

- Конституция жобасының кең қоғамдық талқылаудан өтуі - азаматтық белсенділіктің көрінісі. Құжатта әлеуметтік саланы дамыту бағыттары нақты айқындалған. Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру және азаматтық ұстанымын қалыптастыру - білім беру ұйымдарының басты міндеті. Балаларымыздың ертеңі үшін алдағы референдумда белсенді болайық, - деді Л.Оралбаева.

Жиын соңында референдумға дайындығы аясында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын үйлестіру мәселелері қаралды. Кездесу ашық форматта өтіп, қатысушылар өз ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Абай облысы мәслихатының баспасөз қызметі

ӨЗГЕРІС ЖОЛЫ:
ТҰРАҚТЫ ДАМУ КЕПІЛІ

Ауыл - елдің алтын қазығы, ал ауыл шаруашылығы - ұлттық экономиканың берік тірегі. Бұл салада ұзақ жылдар еңбек етіп келе жатқан маман ретінде еліміздегі кез келген заңнамалық өзгерістің маңызын терең сезінеміз. Себебі заң - жай ғана қағаз жүзіндегі құжат емес, ол - күнделікті еңбегіміздің, кәсібіміздің және болашағымыздың берік құқықтық негізі.



Ел тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі - Конституциялық реформалар жөніндегі комиссияның жаңа Ата Заңның жобасын жариялауы. Бұл - жай ғана құқықтық құжат емес, елімізді жаңа жаһандық үдерістерге, соның ішінде цифрландыру мен жасанды интеллект дәуіріне бейімдеуге бағытталған стратегиялық қадам.

1995 жылы қабылданған Ата Заң тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуында тарихи рөл атқарды. Дегенмен жаһандану жағдайындағы саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер құқықтық жүйенің деволюциялық тұрғыда жетілдірілуін талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, 15 наурызда өтетін референдум - ел дамуының жаңа кезеңін айқындайтын маңызды тарихи шешім.

Конституцияда жер мен оның қойнауы, су кездері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі және басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені айқын көрсетілген. Ал халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Бұл норма ауыл шаруашылығы саласының стратегиялық маңызын нақтылай түседі. Жерді ұтымды пайдалану, оны қорғау және келер ұрпаққа аман жеткізу - баршамызға ортақ міндет.

Жаңа Конституция жобасында іскерлік ортаға тікелей әсер ететін заң алдындағы теңдік, ашықтық және әділдік қағидаттарын күшейту көзделген. Бұл - кез келген кәсіпкер үшін сенімді тірек. Мемлекеттік институттардың әділ әрі тиімді жұмыс істейтініне сенімді болғанда ғана кәсіпкер өз күш-жігерін өндірісті дамытуға, жаңа мүмкіндіктер жасауға бағытта алады.

Сондай-ақ Конституция жобасында отбасы институтын нығайту, еңбек адамның құқығын қорғау сынды әлеуметтік маңызы зор бағыттарға басымдық берілген. Бұл өзгерістер қоғамның әлеуметтік негізін бекемдеп, ауыл мен қала тұрғындарына тең мүмкіндік пен әділдік қағидаттарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Референдум - халықтың өз еркін тікелей білдіретін маңызды демократиялық тетік. Әр азамат ел болашағына бейжай қарамай, ұсынылып отырған өзгерістермен мұқият танысып, саналы таңдау жасауы тиіс. Себебі дұрыс таңдау - берік мемлекет пен жарқын болашақтың кепілі. Сондықтан ел болашағына әрқайсымыз жауапты екенімізді сезініп, референдумға қатысу - азаматтық парызымыз.

Марат КАЛИКОВ,
«Қалиқанұлы» шаруа қожалығының басшысы



Илия Мұхамеджанқызы 1941 жылы 29 ақпанда Жарма ауданының Үшбiк станциясында темiржолшы отбасында дүниеге келген. Балалық шағы соғыстан кейiн қиын кезеңмен тұспа-тұс келiп, еңбекке ерте араласты. Ұстаздық бойындағы жауапкершiлiк, еңбекорлық, мейiрiмдiлiк сияқты асыл қасиеттер сол кезде қалыптасты. 1959 жылы мектеп бiтiрген соң Семей педагогикалық институтының физика-математика факультетiне «Математика» мамандығы бойынша оқуға түсiп, 1964 жылы үздiк дипломмен тмамдады. Студенттiк жылдары бiлiмдi азамат Серiкбол Ыбырайұлымен отбасын құрды.

Сол уақытта ауыл мектептерiнде математика мұғалiмдерi тапшы едi. Екi жас жолдамамен Бородулиха ауданына жберiлдi. Илия Мұхамеджанқызы Коростелевск мектеп-интернатында еңбек жолын бастады. Ал 1965 жылы Семей қаласындағы №5 мектепке ауысты. Көп ұзамай өзi тамданған оқу орнының «Элементар математика және геометрия» кафедрасынан шақырту алып, институт қабырғасына қайта оралды. Осы естiтен бастап оның тағдыры университетпен бiге қайнасты. Бұл кезең Илия Мұхамеджанқызының ғылымға, жоғары мектептегi педагогикалық қызметке бет бұрған сәтi едi.

Математиканың күрделi салаларының бiрi – геометрия. Илия Мұхамеджанқызы жарты ғасырдан астам уақыт бойы осы саланың негiзгi бөлiмдерi – «Аналитикалық геометрия», «Проективтiк геометрия», «Дифференциалдық геометрия және топология» пәндерiнен қазақ және орыс тiлдерiнде дәрс оқыды. Бiлiктi маман жастарға бiлiм бере жүрiп, оларды адамгершiлiкке, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиеледi.

Ғылымға ұмтылысы ұстазды үнемі алға жетеледi. 1985-1986 жылдары Алматы қаласындағы Абай атындағы мемлекеттiк педагогикалық институттың сырттай бөлiмiнде аспирантурада оқыды. Ол кездерi жоғары оқу орнының оқытушылары жүйелi түрде Кеңес Одағындағы iргелi жоғары оқу орындарында төрт айлық бiлiмiн көтеру курстарынан өтiп отыратын. Илия Мұхамеджанқызы Алматыдағы Қазақ мемлекеттiк университетiнде, Ленинградтағы А.И.Герцен атындағы мемлекеттiк педагогикалық институтта, Киевтегi А.М.Горький

ҒЫЛЫМҒА АДАЛ ҒҰМЫР

Тоқсан жылдан астам тарихы бар Шәкәрім университеті – еліміздің ғылым мен білім саласының дамуына зор үлес қосып келе жатқан іргелі оқу орны. Заманауи технологияларды меңгерген, рухы биік, білімді де білікті жастарды тәрбиелеуде оқу ордасы әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерімен иық тірестіріп, жаһандық рейтингтердің сертификаттарына ие болуда. Осы қара шаңырақта жарты ғасырға жуық етіп, сан мыңдаған жастың жүрегіне сәуле құйған ұлағатты ұстаздардың бірі – бүгінде 85 жасқа толып отырған Илия Мұхамеджанқызы Рахимбердинова.

атындағы мемлекеттік педагогикалық институтта білімін жетілдірді. Отбасы, бала тәрбиесі, қызмет – бәрін қатар алып жүру оңай емес. Бірақ ізденімпаз жан ешқашан мойыған емес.

1986–1990 жылдары Илия Мұхамеджанқызы Семейдегі М.Әуезов атындағы педагогикалық училищеде қызмет атқарып, бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесіне қатысты жаңа пәндерден дәріс оқыды. 1990 жылдан бастап Семей педагогикалық институтының «Геометрия және математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасында қызмет етті. Болашақ мұғалімдердің кәсіби тұрғыда қалыптасуына зор жауапкершілікпен қарайтын ұстаз студенттердің педагогикалық тәжірибеден өтуіне ерекше көңіл бөлді. Олармен бірге ауыл-аймақтарға барып, бірнеше ай бойы жандарында болып, бағыт-бағдар берді.

Жарты ғасырлық еңбек жолында Илия Мұхамеджанқызы кураторлық қызметті де атқарды. Қолынан келген көмегін ешкімнен аямайтын ол ұстаз ғана емес, ана ретінде де жастардың жүрегіне жол таба біледі. Алыс ауылдан келген студенттерге қамқорлық көрсетіп, тіршіліктің қыр-сырын үйретті. Курстық, дипломдық жұмыстарына жетекшілік етті. Шәкірттері республикалық, халықаралық байқауларда жүлделі орындарға ие болды.

Илия Мұхамеджанқызы 2017–2021 жылдары шет елден келген қандас жастарға дәріс беріп, олардың жаңа ортаға бейімделуіне, рухани тұрғыдан өсуіне жан-жақты қолдау көрсетті. Театрға, концерттерге ертіп барып, туған елдің рухани тынысымен таныстырды.

Студенттерге қаржыны үнемдеуді үйретіп, қажет кезде көмегін аямайтын. Оң-солын енді ғана танып, ересек өмірге қадам басқан жастар әсіресе ақшаны үнемдеп жұмсауды біле бермейді. Стипендиясын ертерек тауысып қойып, қысылған сәтте Илия Мұхамеджанқызынан көмек сұрап келетіндері де аз емес еді. Ондайда ақша ұстаза салмайтын, өзімен бірге ертіп шығып, стипендияға дейін жететіндей азық-түлік алып беретін.

Илия Мұхамеджанқызының еңбекорлығы – көпке үлгі. Қол қысырып отырғанды білмейтін ұстаз жаз айларында бау-бақша өсіріп, сол еңбегінен рақат табатын. Жеміс-жидектің, көкөністің адам денсаулығына пайдасы туралы айтудан жалықпайтын. Тоқыманы да шебер меңгерген. Серікбол Ыбырайұлының үстіндегі сәнді свитерлер мен кеудешелерге қызыға қа-

райтын едік. Тіпті «шет елден арнайы алдыратын болар» деп ойлайтынбыз. Сол киімдердің бәрін Илия Мұхамеджанқызы сән журналдарына қарап отырып өз қолымен тоқитынын кейін білдік. Қонақжай отбасының есігі кімге болсын әрдайым ашық болды.

Ұстаздар отбасының тұрмысы қарапайым болғанымен, рухани байлығы мол. Зиялылардың шаңырағындағы ең қымбат жиһаз – кітап сөрелері. Бір бөлмеде Серікбол Ыбырайұлы жинаған математикалық анализ бен жоғары математикаға арналған том-том еңбектер, екінші бөлмеде Илия Мұхамеджанқызының геометрия мен математиканы оқыту әдістемесіне қатысты кітаптары рет-ретімен тізіліп тұратын. Кейін Серікбол Ыбырайұлы бай кітап қорын университет игілігіне, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Т.Ы.Аманов атындағы кабинетке тапсырды.

Илия Мұхамеджанқызының ұстаздық еңбегі, ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесі ескерусіз қалған жоқ. «Еңбек ардагері» медалімен, «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінң үздігі» белгісімен, «Шәкәрім» және «Ұлағатты ұстаз» медалдарымен, сондай-ақ бірқатар мерейтойлық төсбелгілермен марапатталды.

Илия Мұхамеджанқызы зейнеткерлікке шықса да, университетінен қол үзген жоқ. «Күміс университет» жобасы аясында ағылшын және түрік тілдерін меңгеруде. Сексеннің сенірінде жаңа тілдерді үйренуге талаптануы оның өмір бойы оқу қандасына адал жан екенін дәлелдейді. Илия Мұхамеджанқызы – уақытпен бірге қадам басқан ұстаз. Оның өмір жолы – адал еңбек пен білімге деген шексіз құрметтің көрінісі.

Ақпан айының 28 күні Шәкәрім университеті, Абай атындағы білім басқармасы және ZERDEL ақыл-ой дамыту орталығы бірлесіп, Илия Мұхамеджанқызының құрметіне математика пәнінен бастауыш сынып мұғалімдерінің олимпиадасын өткізуді жоспарлап отыр.

Құрметті Илия Мұхамеджанқызы! Шәкәрім университетінің ұжымы Сізді мерейтойыңызбен құттықтайды. Балаларыңыздың, немере-шөберелеріңіздің қуаныштарына куә болып, қызықтарыңа тамашалап, тойлай беріңіз! Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, мол бақыт тілейміз!

Гүлнәз БЕРІКХАНОВА,
Шәкәрім университетінің профессоры

Семей қаласында полиэтилен пакеттерін өндіретін «МегаPack» ЖШС-нің жаңа өндірістік цехының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға қала әкімі Әділет Қожанбаев қатысып, өндіріс орнының жұмысымен танысты.

«МегаPack» жаңа цехты іске қосты



Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Семей tanu»

Қала басшысы құттықтау сөзінде бұл жобаның өңір экономикасы үшін маңызы зор екенін атап өтіп, жергілікті билік тарапынан кәсіпкерлерге әрдайым қолдау көрсетілетінін айтты.

Бұл – кәсіпкерлік саладағы маңызды қадам ғана емес, қаламыздың өндірістік әлеуетін арттыратын айтулы оқиға. Жаңа кәсіпорынның іске қосылуы – экономиканың дамуына, жергілікті өндірістің нығаюына қосылған зор үлес.

«МегаPack» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тұрақты даму, мол табыс, сенімді серіктестер және биік белестер тілейміз. Қаламыздың экономикасының өркендеуіне қосар үлестеріңіз арта берсін! – деді Әділет Нұрсағатұлы.

Кәсіпорында полиэтиленнен жасалатын түрлі қаптама өнімдері өндіріледі. Заманауи технологиялармен жабдықталған цех жылына 26 миллион пакет немесе 960 тонна дайын өнім өндіруге қауқарлы. Өндірістік алаңның жалпы көлемі 600 шаршы метрді құрайды. Мұнда шикізат пен дайын өнімді сақтауға арналған қоймалар да орналасқан.

Қазіргі таңда кәсіпорында 30-дан астам адам еңбек етуде. Компания құрылтайшысы Айдар Машимовтың айтуынша, алдағы уақытта өндіріс көлемін арттыру, қызметкерлер санын 100 адамға дейін ұлғайту көзделіп отыр.

Қазір ай сайын 100 тоннаға дейін өнім шығарып, өңір сұранысын толық қамтамасыз етіп отырмыз. Шикізатты Өзбекстаннан сатып аламыз. Алдағы уақытта пластикалық стақандар мен өзге де ыдыс түрлерін шығарып, өндіріс көлемін арттыруды жоспарлап отырмыз, көршілес өңірлерді де қамтитын боламыз,- деді Айдар Машимов.

Бүгінде «МегаPack» жергілікті нарықты сапалы әрі қолжетімді өніммен қамтамасыз етіп қана қоймай, өңір экономикасының дамуына да үлес қосуда. Жоспарланған кеңейту жұмыстары жүзеге асқан жағдайда, кәсіпорында жаңа жұмыс орындары ашылып, отандық өнім үлесі арта түспек.

СПОРТ

2026 жылғы 21-22 ақпан күндері Германияның Инцелль қаласында конькимен жүргіруден жастар арасындағы Әлем кубогының үшінші кезеңі өтті. Аталған халықаралық жарыста облыс спортшылары жоғары нәтиже көрсетті.

ОБЛЫС КОНЬКИШІЛЕРІ ӘЛЕМ КУБОГЫНДА ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ



Барлық кезеңдердің қорытындысы бойынша Анастасия Беловодова жалпы есепте 2-орын иеленді. Сонымен қатар спортшы 1500 метр қашықтықта 3-орын алып, жүлдегер атанды. Ал Вадим Чебардаков юниорлар арасында 3000 метр қашықтықта халықаралық деңгейдегі спорт шебері нормативін орындады. Жарыс нәтижелері бойынша спортшылар алдағы әлем чемпионатына жолдама алды. Әлем чемпионаты 27 ақпан - 1 наурыз күндері Германияның Инцелль қаласында өтеді.

«ST» - ақпарат

АЛДА АТҚАРЫЛАР ЖҰМЫС КӨП

Ақсуат ауданында жол инфрақұрылымы кезең-кезеңімен жаңғыртылуда. Бұл туралы аудан әкімі Еркін Ескендіров Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында айтты.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»

Аудандағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 697 шақырымды құрайды. Оның ішінде республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жолдар бар. Соңғы жылдары жол инфрақұрылымын жаңғыртуға басымдық беріліп, бірқатар жобалар іске асырылуда.

Аудан әкімінің айтуынша, 2025 жылдан бастап аудандық маңызы бар жолдар мен елді мекендердің көшелерін орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, Ойшілік ауылына кіреберіс жолдың бір бөлігі асфальтталып, ескі жол жамылғысы жаңартылды. Ақсуат ауылындағы кіреберіс жолдарды кеңейту жұмыстары басталды. Бірқатар ауылдардың көшелеріне құм аралас топырақ төселіп, жолдар тегістелді. Мұрасәлім елді мекеніне апаратын жолдың жекелеген учаскелері жөндеуден өтті.

Сонымен қатар ұзындығы 55 метр болатын Тебіске өзені арқылы өтетін көпір қайта жаңғыртылуда. Қазіргі таңда тіректерін бетондау жұмыстары аяқталған, келесі кезеңде балкаларды орнату, кіреберіс жолдарды асфальттау және қоршауларды орналастыру көзделген.

Аудан басшысы 2026 жылға арналған жоспарларға да тоқталып өтті. Оның айтуынша, 2026 жылға арналған жоспарға сәйкес, облыстық бюджет есебінен Ойшілік, Екпін, Құмкөл, Көкжыра және Кіндікті ауылдарына кіреберіс жолдар мен елді мекен көшелерін жөндеу қарастырылған. Сондай-ақ Ақсуат ауылындағы ішкі жолдар да жаңартылатын болады.

Жол инфрақұрылымын дамыту – тұрғындардың өмір сапасын арттырудың басты факторларының бірі. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады, – деді аудан әкімі.

Жолдарды жаңарту ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, тұрғындардың күнделікті тұрмысын же-



ңілдетіп қана қоймай, ауылдық аумақтардың инвестициялық тартымдылығын арттырады.

Еркін Ескендіров Ақсуат ауданында білім беру саласын дамыту бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Ауданда 19 жалпы орта білім беретін мектеп жұмыс істейді. Қазіргі таңда мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде.

Биыл Мұхтар Әуезов, Танамырза атындағы және Өкпелі орта мектептері жаңа модернизациялық кабинеттермен қамтамасыз етілді. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен шағын жинақталған үш мектепке бес жаңа кабинет берілді. С.Сейфуллин атындағы орта мектепке оқушыларды тасымалдау үшін «Газель» автокөлігі сатып алынды. Ю.Гагарин, Қ.Сәтбаев, Би Боранбай, С.Сейфуллин және Қожағелді батыр атындағы мектептерде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қосымша білім беру ұйымдарының ғимараттары жаңартылды, шатырлары ауыстырылып, қасбеттері қапталды. Қызылжар ауылындағы «Еркеназ» балабақшасы жөндеуден өтті. Сонымен қатар Танамырза мен Көктүбек орта мектептерінің электр жылытқыштары, ал Тоғас батыр атындағы мектептің жылу қазандығы жаңартылды, – деді аудан басшысы Еркін Кәдірбекұлы.

Аудан әкімі оффтейк-келісім-

шарт аясында Көкжыра ауылдық округінде балалар лагерінің құрылысы, Ақсуат және Екпін ауылдарында жаңа мектеп салу жобалары бастау алғанын да атап өтті.

Баспасөз мәслихатында Еркін Кәдірбекұлы денсаулық сақтау саласында атқарылып жатқан жұмыстар туралы да айтты. Қазіргі таңда орталық аудандық ауруханаға қарасты 1 орталық аурухана, 8 дәрігерлік амбулатория, 1 фельдшерлік-акушерлік пункт және 10 медициналық пункт халыққа қызмет көрсетеді.

Соңғы жылдары ауылдардағы денсаулық сақтау нысандарын жаңарту мен сапалы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға басымдық берілді. Екпін және Үшөбе ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар, Кіндікті ауылында фельдшерлік-медициналық пункт, сондай-ақ Сұлутал, Айнабастау, Көктүбек және Қызылжұлдыз ауылдарында медициналық пункттер пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта аудандық аурухана ғимаратында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ғимараттың шатыры жаңартылып, қасбеті қапталуда, ішкі өрлеу жұмыстары да атқарылуда. Сонымен қатар аурухананың және бірқатар ауылдық амбулаториялардың жылу қазандықтары ауыстырылып, жылу жүйесі жаңғыртылды, – деді аудан әкімі.

Өткен жылы аудандық аурухананың материалдық-техникалық

АҚСУАТ

базасын нығайту мақсатында заманауи медициналық жабдықтар сатып алынған. Атап айтқанда, компьютерлік томография (КТ) аппараты, аудиологиялық аппарат, портативті ультратрадыстық зерттеу (УЗИ) құрылғылары және басқа да қажетті медициналық құрал-жабдықтар алынған.

Аудан әкімі Еркін Кәдірбекұлының айтуынша, 2025 жылы әлеуметтік қолдау шараларына аудан бойынша 472,2 млн теңге бөлінген. Бұл қаражат әлеуметтік көмек көрсетуге, 1–6 жас аралығындағы балаларға, мүгедектігі бар азаматтарға, жүріп-тұруы қиын 1-топтағы адамдарға жеке көмек көрсетуге, міндетті гигиеналық құралдар, протез-ортопедиялық және сурдо-тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз етуге, курорттық-сауықтыру шипажайларына жолдама беруге, абилитациялау және оңалту орталықтарының қызметін ұйымдастыруға, мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға, сондай-ақ коммуналдық өтемақылар мен біржолғы ақшалай көмек көрсетуге жұмсалған. Соғыс ардагерлері мен мүгедектері, «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденін алған аналар, тыл ардагерлері және туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқастар да қамтылған. Аудан басшысы сонымен қатар «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында жоспарланған 12 әлеуметтік нысан толық бейімделгенін, жергілікті атқарушы органның шешімімен аса мұқтаж 47 азаматқа 4 184 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілгенін де атап өтті. Сондай-ақ Үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы арқылы 98 мүгедектігі бар адам мен 108 жалғызбiлiктi қарияларға, Жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы арқылы 26 мүгедектігі бар азаматқа қызмет көрсетіліп отыр. – Ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға қолдау көрсету, әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру – басты міндетіміз, – деді Еркін Кәдірбекұлы.

Аудан әкімі тұрғындардың елауақтың жақсартуға бағытталған жобалар алдағы уақытта да кезең-кезеңімен жүзеге асырылатынын жеткізді.

Әже, оқып берші!

АҢШЫ МЕН ЖЫЛАН

(Үдмұрт ертегісі)



Қара күз. Орманнан келе жатқан бір аңшы қарны ашып, шаршайды да, демалмақшы болады.

Мұз болып қатып қалған өзеннің жағасына отырды да, қалтасындағы нанын жей бастады. Кенет сырт еткен дыбысты естіп, өзенге қараса, қамшы жатыр екен. Оны алмақшы болып, қолын созса, қамшы емес, жылан екен.

Жылан басын көтеріп, әлсіреген дауспен тіл қатты: - Қайырымды адам, мені құтқар. Құйрығым мұзға қатып қалды. Көмектес маған! - деді.

Аңшы жыланға жаны ашып, мұзды балтамен жарып, оны босатты. Жылан жағаға әрең шықты.

- Мен тоңып қалдым. Досым, мені жылтыршы! - деді.

Аңшы жыланды қойнына салды. Жылан жылтырып алды да:

- Ақымақ, өміріңмен қоштаса бер,

қазір мен сені шағып аламын! - деді. - Әй, сен не айтып тұрсың? - деді аңшы. - Мен саған жақсылық жасадым! Сені өлімнен құтқардым!

- Сен мені құтқардың, ал мен сені өлтіремін! - деді жылан. - Мен аспен ұрғанды таспен ұрамын!

- Тұра тұр, - деді аңшы. - Біз жолға шығып, бірінші кездескен жаннан «жақсылыққа жақсылық па, жамандық па?» деп сұрайық. Егер жамандық десе, сен мені өлтіресің, ал жақсылық десе, босатасын.

Жылан келісті. Алдымен олар Сиырды кездестірді.

Жылан: - Сиыр, дұрысын айт. Бұл адам мені өлімнен құтқарды, ал мен оны өлтіргім келеді. Жақсылыққа жақсылық па, жамандық па?

- Қожайыным маған шөп береді, ал мен оған сүт беремін. Әрине, жақсылыққа жақсылық жасалады, - деді.

- Естідің бе? Енді мені жібер, - деді аңшы.

- Жоқ. Сиыр - ақымақ жануар, - деді жылан. - Тағы біреуден сұрайық. Олар ары қарай жүрді. Бір кезде алдарынан ат шықты.

- Жылан басын шығарды да:

- Ат, дұрысын айт. Бұл адам мені өлімнен құтқарды, ал мен оны өлтіргім келеді. Жақсылыққа жақсылық па, жамандық па, айтшы? - деп сұрады.

- Мен жақсылыққа жақсылық істеймін. Қожайыным маған шөп береді, ал мен

оған көмектесемін. - Көрдің бе? Енді мені жібер, - деді аңшы.

- Тұра тұр, сиыр, ат - үй жануарлары, сондықтан олар адамды жақтайды. Орманға барып, жабайы жануарлардан сұрайық, - Жылан.

Амал жоқ, аңшы келісті. Олар орманға кіргенде, қайыңда отырған жабайы мысықты көрді. Жылан басын шығарды. - Мысық, бұл адам мені өлімнен құтқарды, ал мен оны өлтіргім келеді. Жақсылыққа жақсылық па, жамандық па, дұрысын айтшы!

- Жақынырақ келіңдер, мен қартайдым, құлағым естімейді, - деді Мысық. Аңшы жақындады, жылан басын шығарып:

- Бұл адам мені өлімнен құтқарды... - дей бергенде, Мысық секіріп, Жыланды бас салды да, тұншықтырып өлтірді.

- Мысық, рақмет саған. Сен мені құтқардың. Мен саған жақсылық істеймін. Менімен жүр, жылы үйде тұрасың. Саған ет, сүт беремін, - деді аңшы.

Содан бері адам мен мысық дос болыпты.



«Riza bol» ұсынатын кәдесый



Әр орамал — әйелдің ішкі әлеміне арналған үнсіз сыр. Қорабы мен сөмкесі де кәдесыйдың мазмұнын аша түседі.

8 778 929 14 53 8 777 276 90 74

Абай өлеңдерімен аталып, «Riza bol» сауда белгісімен шыққан жібек орамалдар - ұлттық болмысты заманауи нәзіксіз тоғыстырған ерекше кәдесый.

«Жерсіз түнде жарық ай» - сабыр мен сенімнің, «Көзіміңіз қарасы» - махаббат пен мейірімнің белгісінегі.



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«АстанаВостокГрупп» ЖШС, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: «Абай облысындағы «М-44-65-(10В-5g-1,2,6,7) блогы шегінде қатты пайдалы қазбаларға геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп». Әсер ету аумағы: Абай облысы, Семей қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 30 км жерде. Жұмыс учаскесінің ауданы 8,8 км2 құрайды.

Координаттары: 1. 50°10'00" се, 80°05'00" шб; 2. 50°10'00" се, 80°07'00" шб; 3. 50°08'00"се, 80°07'00" шб; 4. 50°08'00" се, 80°05'00" шб.

Қоғамдық тыңдаулар 30.03.2026 жылы сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Қаратөбе а.о., Қаратөбе ауылы, 2 квартал, 1 ғимараты, «Қаратөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us06web.zoom.us/j/84475982957?pwd=saVEg4xk62p59jmiDhMh51GQ2L eQz.1

Конференция идентификациясы: 844 7598 2957, кіру коды: 525277.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ndbecology.gov.kz, сондай-ақ «Абай облысының табиғи

ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады, тел: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекенжайы: prigodnyye-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес, ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «АстанаВостокГрупп» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 070000, Өскемен қаласы, Михаэлис көшесі, 24/1, БСН: 160540003608.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қ., 070002, М.Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Сентас» ЖШС, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: Абай облысындағы лицензиялық алаң шегінде алтын іздеуге арналған геологиялық барлау жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп. Әсер ету аумағы: Абай облысы, Жарма ауданы. Координаттары: 1. 49°18'35.789" се, 82°22'41.392" шб; 2. 49°18'55.339" се, 82°23'18.639" шб; 3. 49°18'07.785"се, 82°24'01.207"шб; 4. 49°19'41.337" се, 82°25'27.908" шб; 5. 49°19'11.496" се; 82°26'11.053" шб; 6. 49°17'54.497" се; 82°23'37.906" шб.

Қоғамдық тыңдаулар 30.03.2026 жылы сағат 15:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Қаратөбе а.о., Әди ауылы, 1 квартал, 48 үй, Мәдениет үйі ғимаратында өтеді.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us06web.zoom.us/j/85603124816?pwd=o3aq2MXXeDsDpRyLX7wMnA4EP8APw.1

Конференция идентификациясы: 856 0312 4816, кіру коды: pB29XA.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ndbecology.gov.kz, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалану-

ды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады, тел: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекенжайы: prigodnyye-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес, ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Сентас» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 070000, Өскемен қаласы, Тохтаров көшесі, 51-6, БСН: 131140022240.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қ., 070002, М.Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.



2024 жылғы 1 ақпан мен 2026 жылғы 1 ақпан аралығында жалпы сомасы 35,20 млн АҚШ долларын (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды) құрайтын 223 785 өтініш орындалды.

ТҰРҒЫН ҮЙ МЕН БІЛІМ АЛУҒА 35,20 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫ ПАЙДАЛАНЫЛДЫ

Олардың ішінде:

- тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында 22,09 млн АҚШ долларынан астам сомаға 139 759 өтініш орындалды; - білім беру ақысын төлеу үшін 13,11 млн АҚШ доллары сомасына 84 026 өтініш. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды (НЖ) алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Пайдаланылмаған қаражат қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Қаражатты тұрғын үй жағдайларын жақсартуға пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасына салымды толықтыру (21,61 млн АҚШ доллары сомасына 136 490 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарна өңізу – 164,71 мың АҚШ доллары сомасына 1 108 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша тұрғын үйді жеке меншікке сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 119,36 мың АҚШ доллары сомасына 819 өтініш.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (шамамен 12,15 млн АҚШ доллары сомасына 76 643 өтініш орындалды), білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беру жинақтау салымын толықтыру (645,10 мыңнан астам АҚШ доллары сомасына 5 134 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (252,49 мың АҚШ доллары сомасына 1 827 өтініш орындалды).

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісінде білім алуға ақы төлеу мақсатында НЖ төлемдері туралы толық ақпаратпен eprf.kz сайтында танысуға болады. Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылдың қорығындағы бойынша қазақстандық ер балаға 130,71 АҚШ доллары, 2024 жылы 100,52 АҚШ доллары мөлшерінде кезекті есептеу жүргізілді.

18 жасқа толмаған балаларға жыл сайын Ұлттық қордан алынған сомалар олардың БЖЗҚ-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте, заңнамаға сәйкес, жас қазақстандықтарға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында қалады және инвестициялауды жалғастырады. Одан әрі инвестициялаудың арқасында жыл сайын әрбір баланың нысаналы талаптарының сомасы алынған инвестициялық табыс есебінен қосымша өседі.

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балада барлық жинақталған нысаналы талаптардың жиынтық сомасы келесідей (жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық табысты қоса алғанда): - үшінші жыл қатысып отырған балада 370 доллар 56 цент;

- екінші жыл қатысып отырған балада 263 доллар 93 цент;

- бірінші жыл қатысқан балада 130 доллар 71 цент.

Көмелетке толған азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы дербес алуы тиіс, содан кейін АҚШ доллары банктік шот ашу және тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу үшін НЖ төлеуге онлайн-өтініш беру үшін уәкілетті оператор жүгінугі тиіс.

Бүгінде уәкілетті оператор ретінде келесі банктер тіркелген: - «Отбасы банк» АҚ (тұрғын үй және білім беру бойынша), - «Халық банк» АҚ (білім беру бойынша), - «Банк ЦентрКредит» АҚ (білім беру бойынша).

Нысаналы талаптарға қатысушы көмелетке толмаған балалар және көме-

летке толған нысаналы жинақтарды алушылар бойынша, сондай-ақ тұрғын үйге және (немесе) білімге арналған нысаналы жинақтарды пайдалану жөніндегі статистикамен eprf.kz сайтында танысуға болады.

Бағдарламаның шарттарын зерделеуге, нұсқаулар, қызықтыратын сұрақтарға жауаптарды kids.eprf.kz сайтынан алуға болады. Сондай-ақ, БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасында тақырып бойынша келесі бейне түсініктемелермен және нұсқаулықтармен танысуға болады: «БЖЗҚ» АҚ Төрағасы Ж.Б. Құрмановтың бейнетүсініктемесі: https://www.youtube.com/watch?v=30CdPWL6dv0

«БЖЗҚ» АҚ басқарушы директоры М.Т. Шәріповтың бейнетүсініктемесі: https://www.youtube.com/watch?v=APG2vAtmMk0

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша сұрақтарға жауаптар: https://www.youtube.com/watch?v=4cKr1VCavUk

«БЖЗҚ» АҚ бағдарламасы бойынша нұсқаулық: https://www.youtube.com/watch?v=mrV0y37Gjnk

«Ұлттық қор – балаларға» сайты бойынша нұсқаулық: https://www.youtube.com/watch?v=VgP3dmMwAHc

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша нұсқаулық: https://www.youtube.com/watch?v=qC2c-HgqqQ

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша нұсқаулық: https://www.youtube.com/watch?v=pNBSS1VhdWU

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша көмелетке толған қазақстандықтардың жинақтарды қалай тексеруге болатынын туралы нұсқаулық: https://youtu.be/1P1JQoCrs?si=ZV0_mzilQR1MAgL

https://youtu.be/qkBLyBVUZG?si=7ijzSS0_YlBQvVh

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

БАЛ АРАЛАСТЫРҒАН СУДЫҢ ПАЙДАСЫ

Бал араластырған суды таңертең аш қарынға (таңғы астан 15 минут бұрын) және кешке ұйықтар алдында (ұйқыға 30 минут қалғанда) ішеді. Алдымен таңертең бір стакан жай су ішсе, содан кейін бірнеше минуттан кейін бір стакан бал араластырған су ішсе жақсы болады.

Бал араластырған суды дайындау өте оңай. Бір стакан су үшін 1 шай қасық бал қосу қажет. Бал араластырған суды дайындағаннан кейін бірден ішу керек.

Бал араластырған судың пайдасы: - Ас қорытуды қалыпта қалтырады. Асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартады.

- Имунитетті арттырады. Созылмалы мұрын, бронхит ауруына пайдалы, өкпеден шырышты (табиғи жолмен - ішек арқылы) шығарады.

- Бактерияға, вирусқа, қабынуға қарсы әсері бар. Паразиттер күрделі қантәрмен (сахарозамен) тамақтанады, ал балдың 30 пайыз ерітіндісіне түссе, ол өмір сүруін тоқтатады.

- Ішектегі жиналып қалған тағамдарды сіңіруге көмектеседі, зиянды заттарды ыдыратады.

- Тоқ ішектің жұмысын қалыпта қалтырады.

- Денені тазартуға және салмақтың қалпына келуіне ықпал етеді.



- Балалар энурезін жеңуге көмектеседі. Бал бал өте жоғары гипроскопиялық қасиетке ие, яғни суды жинайды, сондықтан бүйрек пен қуық түнде демалады.

- Бал араластырған сумен бетті сүртеді. Ол теріні нәрлендіреді, жұмсақ, әдемі және нәзік етеді.

Таңертең бір стакан бал араластырған су ішкенде, адам сергіп, асқазан-ішек жолын ретке келтіреді.

Түскі аста бір стакан бал араластырған су ішу сергектік пен күшімізді жұмыс күнінің соңына дейін сақтауға көмектеседі. Кешке бал араластырған су ішу демалуға және жақсы ұйықтауымызға көмектеседі. Бал араластырған су бүйрекке күш түсірмейді, демек, ісінулер болмайды.

Материал ғаламтор бетінен алынды

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған. Директор - Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА. Бас редактор - Роза ПУШПАҚОВА. www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ49VPY00121173, 05.06.2025 ж. Газет «АВАИ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дизайн агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады. Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді. Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады. Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында. Меншікті тілшілеріміз: Бороудихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08. Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155. Кезекші редактор Ай-Керім ЖАҚЫП